**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау жұмысының**

# А Н Ы Қ Т А М А С Ы

2023-2024 оқу жылының тамыз айында педагог- психологқа бағытталған психологиялық-педагогикалық жұмыс жүргізілу үшін ата-аналармен ынтымақтастық келісім шарт жасау .

**Сыныбы:** 1-11 сынып оқушыларының ата-аналары

Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1-11 сынып оқушыларының білім алушыларға психологиялық диагностика,консультация және тренингтер жүргізуге, ата-аналарға консультация беруге және тренингтер жүргізу ,ата-аналарның (немесе заңды өкілі) мен жазбаша түрдегі ата-аналармен келісіммен ынтымақтастық келісім шарт жасалды.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып ата-аналарына балалардың мектепке бейімделуіне жағдайында кеңес беру жұмысының**

**АНЫҚТАМА**

**Күні**: 06.09.23

**Қатысқан ата-аналар**: 27

**Қатыспағаны: 0**

**Жұмыс түрі:** Баяндама оқу,жадынама, ұсыным

**Мақсаты:** 1 сынып ата-аналары мен пән мұғалімдеріне бейімделу жағдайында қолдау көрсетудің жолдарын ұсынуға кеңес беру.

Баяндама оқылды: «Баланың мектепке оқуға психологиялық даярлық мәселелері»

Сынып ата-аналар чатына және инстаграм желісіне жадынамалар салынды.

1 СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫ НЕНІ БІЛУІ КЕРЕК?

6 ЖАСТАҒЫ БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫСЫ БІЛУГЕ МІНДЕТТІ:

- Өз үйінің мекенжайы мен телефоны, мектеп мекенжайы мен телефоны, өз аты-жөнін, ата-анасының аты-жөнін, ата-аналарының жұмыс орнын, үйінен – мектепке, мектептен-үйге дейінгі жолды, жол ережесін, ккшелерді қиып кту ережелерін, пәтер есігін жабу, ашуды, телефон арқылы телефон шалуды;
- Ауа райының өзгеруіне байланысты өзі киінуге, шешінуге, өз киімдері мен аяқ-киімдерін байқап отыруға, дұрыс жуынып, тарана білуге, өзі тамақты ысытып, ұқыпты ішіп, үстел үстін жинап кетуге, тамақ алдында және дәретханадан кейін қол жууды ескертпей-ақ өзі жууға үйрену;
- Мұғалімді, ата-ананы тыңғылықты тыңдап, олардың нұсқамаларын өзі орындауға және мұғалімнің, үлкендердің сұрақтарына ұялмай ашық, нақты жауап беруге; көмек қажет жағдайында достарының таныстарынан, басқа таныс емес адамдардан көмек сұрай білуге; өз уақытын жоспарлауға, білуге және тапсырманы ескертусіз, көмексіз орындай білуге;
- Жақсы дос болу – жаңа мектеп ұжымына баланың ойдағыдай енуінің бір кепілі. Баланы жақсы дос болуға үйрету; басқаларға ккмек көрсете білу және қиындықтан алып шыға білуге үйрету; кітап, ойыншықтарымен еркін бклісе білуге; басқалардың кателігіне ескертулер тыңдай білуге дайындау.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗДАР!

Егер:

- Баланы жиі сынасақ, жекккруді үйренеді;
- Баланы келекеетсек, ол тұйықболып қалады;
- Баланы мақтасақ, олжақсылықты үйренеді;
- Баланы қолдасақ, олкзінбағалайбілуге үйренеді;
- Баланы кінәлай берсек, ол кзін кінәлаумен кмір сүретін болады;
- Баланы шыдамдылықта ксірсек, ол басқаларды түсінетін болады;
- Баланы шындыққа үйретсек, ол әділдікке үйренеді;
- Қауіпсіздікте ксcе, адамдарға сенетін болады;
- Бала айғай-шу, ұрыс-керісте ксcе, онда ашуқай болады;
- Бала достық, түсіністік қарым-қатынаста болса, онда ол бұл әлемде достық пен сүйіспеншілік сезімді табады.

**Педагог-психолог** **Е.Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5-6 сынып оқушыларына жүргізілген «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазылу жұмысының**

**АНЫҚТАМАСЫ**

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 20 күні педагог- психологқа бағытталдған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5-6 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** « Менің отбасым» тақырыбында эссе

**Мақсаты:** 5-6 сынып оқушылары арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу.

**Оқушылардың назарына:** Проективті әдістеме еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінде 5-6 сынып оқушыларына Бестерек жобасы аясында «Менің отбасым» тақырыбында эссе жазылды.

5 сынып оқушыларының жалпы саны - 45 Қатысқаны 40 оқушы
6 сынып оқушыларының жалпы саны - 28 Қатысқаны 28 оқушы

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 5 сынып оқушылары арасынан 40 оқушы қатысты. 6 сынып оқушылары арасынан 28 оқушы қатысты Барлық оқушылардың отбасылық жағдайы жақсы. Отбасында бала тәрбиесіне көңіл бөлінеді. Еш бір оқушыдан отбасылық мазасыздық анықталмады.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер ата – аналармен тығыз байланыста болып, баланың жіберген қателіктерін ескертіп отыруы қажет.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 8-9 сынып оқушыларына жүргізілген «Менің ең жақын досым » тақырыбында эссе жазу жұмысының**

## А Н Ы Қ Т А М А С Ы

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 21 күні педагог- психологқа бағытталдған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 7-9 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** « Менің ең жақын досым» тақырыбында эссе

**Мақсаты:** 7-9 сынып оқушылары арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу.

**Оқушылардың назарына:** Проективті әдістеме еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінде 7-9 сынып оқушыларына Бестерек жобасы аясында «Менің ең жақын досым» тақырыбында эссе жазылды.

7 сынып оқушыларының жалпы саны - 30 Қатысқаны 30 оқушы

8 сынып оқушыларының жалпы саны - 32 Қатысқаны 28 оқушы

9 сынып оқушыларының жалпы саны - 20 Қатысқаны 20 оқушы

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 7 сынып оқушылары арасынан 30 оқушы қатысты.

8 сынып оқушылары арасынан 28 оқушы қатысты. 9 сынып оқушылары арасынан 20 оқушы қатысты. Барлық оқушылардың достарымен қарым-қатынастары жақсы.Достары жайлы жақсы пікірлер жазылған. Достары тарапынан ешқандай мазасыздық анықталмады.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер оқушылары мен тығыз байланыста болып, оқушыларының қарым-қатынастарын қадағалау.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 10-11 сынып оқушыларына жүргізілген «Менің арманым » тақырыбында эссе жазу жұмысының**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының қыркүйек айының 22 күні педагог- психологка бағытталдған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы**: 10-11 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** « Менің арманым» тақырыбында эссе

**Мақсаты:** 10-11 сынып оқушылары арасындағы аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу.

**Оқушылардың назарына:** Проективті әдістеме еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінде 10-11 сынып оқушыларына Бестерек жобасы аясында «Менің арманым» тақырыбында эссе жазылды.

10 сынып оқушыларының жалпы саны - 46 Қатысқаны 46 оқушы

11 сынып оқушыларының жалпы саны - 15 Қатысқаны 15 оқушы

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 10 сынып оқушылары арасынан 46 оқушы қатысты. 11сынып оқушылары арасынан 15 оқушы қатысты. Баланың болашағы оның арманына байланысты.Өз мақсатына жету үшін бүкіл күшін жұмсаған адам, өмірін түбегейлі өзгерте алады. Оқушылардың өмірге деген көзқарасын дамып келеді, армандары мен мақсаттарын нақты айқындап, қол жеткізе алатындарына сенімді.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер оқушылары мен тығыз байланыста болып, оқушыларының қарым-қатынастарын қадағалау.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау жұмысының**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 25 қыркүйек айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 1 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** Керн-Йерасек тесті

1. Еске байланысты ер адамның тұлғасын салу.
2. Жазба әріптерін салу, көшіру.
3. Нүктелер тобын салу

**Мақсаты:** 1-сынып оқушыларының оқуға дайындық деңгейін анықтау
Нұсқау: Ер адамның суретін салу, Жазба әріптерін салу, көшіру. Нүктелер тобын салу

**Оқушылардын назарына:** Нұскаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу кажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1 сынып оқушыларынын оқуға дайындық денгейін анықтау мақсатында» Ер адамнын суретін салу», «Жазба әріптерін салу, көшіру». «Нүктелер тобын салу» тақырыбында тест алынды. 1 «А» сынып оқушыларынан жалпы 15 оқушы бар. Қатысқаны 14 оқушы. 1 оқушы үйден оқиды 1 «Ә» сынып оқушыларының жалпы саны -15. Қатысқаны 14оқушы. 1 оқушы үйден оқиды

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 1 сынып оқушылары арасынан 28 оқушы қатысты. Барлық оқушылар мектепке көтеріңкі көңіл-күймен келеді. Мектептегі тәртіп ережелеріне бейімделген. Оқу мен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталды.Оқушылар бір-бірімен, сынып жетекшілерімен қарым-қатынасы жақсы деңгейде. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы қанағаттанарлық. Оқушылардың ішінен мектепке бейімделуі ауыр, қиын болған оқушылар жоқ.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер ата – аналармен тығыз байланыста болып, балаларға көмектесіп отыруы қажет.

**Педагог-психолог:** [signature] **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**1 сыны оқушыларына жүргізілген оқу түрткісін зерттеу жұмысының**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 02 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 1 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** Оқу түрткісін зерттеу әдістемесі
**Мақсаты:** 1-ші сынып оқушыларының оқу түрткісін зерттеу.
**Нұсқау:** «Мен саған әңгіме оқимын». Балалар бірізділікпен үш таңдау жасайды.Егер бала жауабында мазмұны айқын болмаса,бала әңгіменің мазмұнына қарай өз таңдауын жасағанына сенімді болу үшін «Бұл бала не деп айтты?» деген бақылаушы сұрақ қояды.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 1сынып оқушыларының оқу түрткісін зерттеу мақсатында «Оқу түрткісін зерттеу әдістемесі » тақырыбында тест алынды. 1сынып оқушыларынан жалпы 27 оқушы бар. Қатысқаны 27 оқушы.

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 1 сынып оқушылары арасынан 27 оқушы қатысты. Барлық оқушылар мектеп өміріне бейімделіп келе жатыр. оқу түрткісі жоғарырақ, Оқу мен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталды.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілері бақылауға алып ата – аналармен тығыз байланыста болып, балаға қадағалап отыруы қажет.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5-6-7 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау жұмысының**

## АНЫҚТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының 03 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5-6-7 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Менің сыныбым» әдістемесі**

**Мақсаты:** Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау.

**Нұсқау:** «Балалар! Суретте сендердің сыныптарың көрсетілген. Ортаңғы орындықта апайың (мұғалім) отыр, апайдың айналасындағы оқушылар өздерінің жұмыстарымен шұғылдануда. Ал, қалған балалар ауланың сыртында ойын ойнауда. Осы суреттегі оқушылардың ішінен өзіңді тауып алып белгілеп, жанына өзіңнің аты-жөніңді жаз. Өзіңді белгілеп болған соң суреттен өзіңнің досыңды тап та жанына аты-жөнін жаз».

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 5-6-7 сынып оқушыларының мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау мақсатында «Менің сыныбым» әдістемесі жүргізілді.

5 сынып оқушыларының жалпы саны - 42 Қатысқаны 39 -оқушы.

6 сынып оқушыларының жалпы саны - 30. 1 – оқушы үйден оқиды Жалпы -29, Қатысқаны -25 оқушы.

7 сынып оқушыларының жалпы саны - 30 Қатысқаны 30- оқушы.

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 94 оқушы қатысты. Оқушылардың 92,4%-ы сыныпқа бейімделуі жақсы, 3,2%-ына мұғалімнің маңыздылығы ерекше, көбінесе ойын позициясына жақын оқушылар 6,4%-ды құрайды, сынып ұжымына бейімделуінде қиындығы бар оқушы 7,5% ті құрайды.

**Ұсыныс:** Сыныпқа бейімделуде қиындықтары бар оқушыларға түзету-дамыту жаттығулар жүргізу.

**Педагог-психолог:** Курб **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып ата-аналарына балалардың мектепке бейімделуіне жағдайында кеңес беру жұмысының**

**АНЫҚТАМА**

**Күні:** 06.10.23
**Қатысқан ата-аналар:** 35
**Қатыспағаны:** 5
**Жұмыс түрі:** Кеңес, жадынама, ұсыным
**Тақырыбы: «Сіздің балаңыз –бесінші сынып оқушысы»**
**Мақсаты:** 5 сынып ата-аналары мен пән мұғалімдеріне бейімделу жағдайында қолдау көрсетудің жолдарын ұсыну, кеңес беру.

Сынып ата-аналар чатына және инстаграм желісіне жадынамалар салынды.
















**Ұсыныс:** Мектептің алғашқы бірнеше айы, әр оқу жылының басы мен аяқталуы, бастауыштан орта және жоғары сыныпқа көшу сияқты оқиғалар мектеп жасындағы баланы стресске ұшыратуы мүмкін. Мүмкіндігінше осы оқиғалар кезінде үйдегі атмосфераның елеулі өзгерістерін немесе бұзылуларын болдырмауға тырысыңыз. Балаңыздың үйдегі тыныштығы оған мектептегі мәселелерді тиімдірек шешуге көмектеседі. Сынып жетекшімен тығыз байланыста болу.

**Педагог-психолог** [signature] **Е.Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1-4 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау жұмысының**

## АНЫҚТАМАСЫ

2023-2024 оқу жылының 27 қыркүйек айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 1-4 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Графикалық диктант» әдістемесі (Д.Б.Эльконин)**

**Мақсаты:** 1-4 сынып оқушыларының ерік саласының даму деңгейін анықтау.

**Нұсқау:** Әр баланың алдына жеке тапсырма жазылған дәптер беріледі. Дәптерлерінің бірінші бетін ашыңдар. Қарандар: сендерде де менің дәптерімдегідей сурет салынған.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 1-4 сынып оқушыларының ерік саласының даму деңгейін анықтау мақсатында «Графикалық диктант» әдістемесі жүргізілді

1 сынып оқушыларының жалпы саны - 30 Қатысқаны 28 оқушы.
2оқушы үйден оқиды

2 сынып оқушыларының жалпы саны - Қатысқаны 28 оқушы.

3 сынып оқушыларының жалпы саны - Қатысқаны 28 оқушы.

4 сынып оқушыларының жалпы саны - Қатысқаны 28 оқушы.

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде ------ оқушы қатысты. Барлық оқушылар мектепке көтеріңкі көңіл-күймен келеді. Мектептегі тәртіп ережелеріне бейімделіп келеді. Оқу мен байланысты барлық жүктемеге қатысты тұрақты бейімделу басталды.Оқушылар бір-бірімен, сынып жетекшілерімен қарым-қатынасы жақсы деңгейде. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы қанағаттанарлық. Оқушылардың ішінен мектепке бейімделуі ауыр, қиын болған оқушылар жоқ.

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер ата – аналармен тығыз байланыста болып, балаға көмектесіп, қолдау қажет.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5-6-7-8 сынып оқушылардың мотивациясы деңгейін анықтау үшін жүргізілген жұмысының**

**АНЫҚТАМАСЫ**

2023-2024 оқу жылының 16 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5-6-7-8 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Мен мектепте не сезінемін» әдістемесі**

**Мақсаты:** Оқушылардың өзінің мектептегі жай күйіне сәйкес жайлы және жайсыз сабақта және мектеп ұжымында өзін қалай сезінетінін анықтау.

**Нұсқау:** Сауалнамадағы 16 сезім түрлерінен 8-ін таңдап «+» белгісімен белгілеп«өзіңнің мектептегі жай-күйіне сәйкес» келетінін белгіле

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау,еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 5-6-7-8сынып Оқушыларының мектепте өзін қалай сезінетіні оның үлгеріміне, кез – келген білімді игеруге, мотивацияға, әлеуметтік дағдыларға және бүкіл оқу процесіне байланысты болады.

Сауалнама **5-6-7-8** сыныптар аралығында тест жүргізілді.

Жалпы білім алушылар саны **132** , қатысқаны-**126**

**Қорытынды:** 5- сынып білім алушылар арасында «Шаршау»сезімі бойынша-15,3%, "Өзіме деген қанағаттанбаушылық» сезімі бойынша 24,2% "Реніш» сезімі бойынша-28,2% Мазасыздық-12,8% Тітіркену-12,2%,Күмән- 28,2%, Қорқыныш-38,4%

6- сынып білім алушылар арасында «Шаршау»сезімі бойынша-24%,"Реніш» сезімі бойынша28,2% «Мазасыздық»-8% «Тітіркену»-12,2%,«Қорқыныш»4%

7- сынып білім алушылар арасында «Шаршау»сезімі бойынша-36,6%,"Өзіме деген қанағаттанбаушылық» сезімі бойынша 13.3 %,"Реніш» сезімі бойынша-10% ,Тітіркену-20%,Күмән- 3,3%, Қорқыныш-3,3%

8- сынып білім алушылар арасында «Шаршау»сезімі бойынша-48,2%,"Өзіме деген қанағаттанбаушылық» сезімі бойынша 20,6 %, Мазасыздық-27,5% Тітіркену-24,1%,Күмән- 20,6%, Қорқыныш-3,4% көрсеткішін көрсетіп тұр. Бұл оқуды ынталандыру проблемалары оқушылардың едәуір бөлігі үшін мектеп қоятын талаптар деңгейі жеке қабілеттерге байланысты да, оған қол жеткізуге қызығушылықтың болмағандықтан қол жетімді болмайтындығына

байланысты. Бұл көрсеткіштер бойынша білім алушылармен түзету-дамыту жұмыстар жүргізу.

Сондықтан баланың мектеп қабырғасында өзін қалай сезінетінін және осы проблемаларды шешуге көмектесу үшін ерте кезеңдегі мотивациялық проблемалар мен білімдегі олқылықтар туралы білу өте маңызды.

Мектепте өзін сенімді сезіну, қуанышпен келу, ризашылық таныту жоғары көрсетіп тұр. Демек мектепте жайлылық орнаған.

**Ұсыныс:** Жайсыз сезімі бар балалардың оқу мотивациясын көтеру. Сыныпқа бейімделуде қиындықтары бар оқушыларға түзету-дамыту жаттығулар жүргізу.

**Педагог-психолог:** *[signature]* **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**7-8-9-10 сынып оқушыларының оқу түрткісін анықтау үшін**
**жүргізілген жұмыстың**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 10-11-12-13 -қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 7-8-9-10 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау» әдістемесі**

**Мақсаты:** Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау және оқу түрткісінің құрлымын зерттеу.

**Нұсқау:** Мектепте оқу себептерінің сен үшін қаншалықты маңызды екенін бағала.Ол үшін керекті балды шеңберге ал. Сіздің оқуға қатынасыңызды сипаттайтын маңызды үш қасиетті таңдаңыз

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау,еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 7-8-9-10сынып Оқушыларының Оқушылардың оқу түрткісінің көрсеткішін анықтау және оқу түрткісінің құрлымын зерттеу мақсатында тест **7-8-9-10** сыныптар аралығында тест жүргізілді.

Жалпы білім алушылар саны 128 , қатысқаны-**121**

**Қорытынды:** 7-8-9-10- сынып білім алушылар арасында тест нәтижесі бойынша

Жоғары балл-14оқушы

Орташа балл-93 оқушы

Төмен балл-14 оқушы

оқу түркісінде қиындық байқалған оқушылармен жұмыс жүргізу Баға мотиві орта ,яғни оқушылар бойында оқуға деген құштарлық байқалады.

**Ұсыныс:** Оқуында қиындық байқалатын оқушылардың сынып жетекші жүйелі бақылау керектігі айтылды. Ата анасына үйде қадағалауды тапсыру.

**Педагог-психолог:** *[signature]* **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5-6-7 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау жұмысының**

## А Н Ы Қ Т А М А С Ы

2023-2024 оқу жылының 09 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Н.Г. Лусканова» әдістемесі**

**Мақсаты:** Оқушылардың мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау.

**Нұсқау:** Сіздерге он сұрақ берілген. 10 сұрақтың жауаптары 0-ден 3 балға дейін бағаланады.Сұрақтарға сәйкес келетін баллды белгіле.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау, еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 5 сынып оқушыларының мектепке, сыныпқа бейімделуінің деңгейін анықтау мақсатында «Н.Г. Лусканова» әдістемесі жүргізілді.

5 сынып оқушыларының жалпы саны - 42 Қатысқаны 36 -оқушы.

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 36 оқушы қатысты. Оқушылардың 25-ы сыныпқа бейімделуі жоғыры деңгейде, 7 оқушы ортаңғы норманы, 4 оқушы ішкі мотивацияны көрсетті.

**Ұсыныс:** Сыныпқа бейімделуде қиындықтары бар оқушыларға түзету-дамыту жаттығулар жүргізу.

**Педагог-психолог:** [signature] **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**9 сынып оқушылардың пәнге көкарасын анықтау үшін**
**жүргізілген жұмыстың**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 17 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 9 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Пәнге көз қарас» әдістемесі**

**Мақсаты**: Оқушылардың оқытылатын пәнге қатынасын анықтау.

**Нұсқау:** Аталған пәндерге деген қатынасыңды келесі шкалаларды пайдалана отырып бағала

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша сауалнаманы орындау,еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 9сынып оқушылардың оқытылатын пәнге қатынасын анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді.

Жалпы білім алушылар саны 20 , қатысқаны-20

**Қорытынды:** 9 сынып білім алушылар арасында сауалнама нәтижесі бойынша

Қазақ тілі,қазақ әдебиеті: белсенді жағымды 12оқушы

Орыс тілі ,орыс әдебиеті: Жағымды 7 оқушы

Математика : Белсенді жағымды 14оқушы

Геометрия: Белсенді жағымды 10 оқушы

География: Белсенді жағымды 15 оқушы

Жаратылыс тану: Жағымды 7 оқушы

Ағылшын: белсенді жағымды 12оқушы

Қазақстан тарих: белсенді жағымды 9 оқушы

Дүние тарих: белсенді жағымды 8 оқушы

Химия: белсенді жағымды 7 оқушы

Д/ш: белсенді жағымды 19 оқушы

Информатика: белсенді жағымды 19 оқушы

Оқушыларда ешқандай пәнге деген деген жағымсыз жауаптар болмады.

**Ұсыныс:** Оқушыларда ешқандай пәнге деген деген жағымсыз жауаптар болмады, пән мұғалімдері оқушыларды ары қарай дамытып, жұмыс жүргізу.

**Педагог-психолог:** [signature] **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5-11 сынып оқушыларының темпераментін анықтау тест нәтижесінің**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының қазан айының 18-19 күні педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5-11 сынып оқушылары

**Тақырыбы:** «Темперамент» А. Белов тесті

**Мақсаты:** Оқушылардың темперамент типін анықтау

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінде 5-11 сынып оқушыларының темперамент белсенділігін анықтау әдістемесі өткізілді.

5 сыныпта 45 оқушы бар.
6-сыныпта 28 оқушы
7 сыныпта 30оқушы
8 сыныпта 32 оқушы
9 сыныпта 20 оқушы
10 сыныпта 46 оқушы
11 сыныпта 15 оқушы

**Қорытынды:** Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде 5-11 сынып оқушылары арасынан 216 оқушы қатысты.

**Сараптама қорытындылары** бойынша оқушылардың ағзаларында әр түрлі жүйке жүйесінің үрдісі ағатаны дәлелденеді. Оқушыларда ең көп топты сангвиник темперамент типі оқушы 155 оқушы, ал холерик 37 оқушы,флегматик темпераментіне жататындар 24 оқушы

**Ұсыныс:** Сынып жетекшілер және пән мұғалімдері ата – аналармен тығыз байланыста болып, оқушыларға көмектесіп отыруы қажет.

**Педагог-психолог:** *[signature]* **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі мазасыздықтық деңгейін анықтау жұмысының**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 17 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті»**

**Мақсаты:** Оқушыларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.

**Нұсқау:** Сіздерге мектепте өздеріңізді қалай сезінетініңізді анықтауға арналған бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылады Сұраққа дұрыс немесе шынайы жауап беруге тырысыңыз.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 5 сынып оқушыларының мектепте мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу мақсатында тест алынды.

Жалпы оқушы саны- 43

Қатысқаны-27

Тесттің қорытындысы бойынша 14 оқушы орташа (жоғарыға бейім)деңгейде, 12 оқушы орташа (төменгі деңгейде)1 оқушы мазасызланудың төменгі деңгейін көрсетіп тұр.

Мазасыздық деңгейі жоғары болып тұр:

**Ұсыныс:** Жайсыз сезімі бар балалардың оқу мотивациясын көтеру. Мазасыздықты төмендететін түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 8-9-10-11 сынып оқушылар жеке және жағдайға байланысты алаңдаушылық шкаласын анықтау үшін жүргізілген жұмыстың**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының 23 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 8-9-10-11 сынып оқушылары

**Тақырыбы: Жеке және жағдайға байланысты ( реактивті) алаңдаушылық шкаласы ( Ц.Д.Спилбергер – Ю.Л.Ханин**

**Мақсаты:** Оқушылардың жеке және жағдайға байланысты ( реактивті) алаңдаушылық шкаласын анықтау

**Нұсқау:** Қазіргі сәттегі өз жағдайыңызға байланысты сәйкес келетін, кестедегі сандардың бірін көрсетіңіз.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 8-9-10-11 сынып оқушыларының жеке және жағдайға байланысты ( реактивті) алаңдаушылық шкаласын анықтау мақсатында тест алынды. Жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылықтың жалпылама психологиялық мәні де бар. Жағдайға байланысты және белсенді алаңдаушылықтың диагностикасы тұлғаның мінез- құлық ерекшеліктері туралы жеткілікті түрде жорамалдауға мүмкіндік береді.

Жағдайға байланысты алаңдаушылықтың жоғары алаңдаушылық - орташа алаңдаушылық- төменгі алаңдаушылық-

жеке алаңдаушылық бойынша жоғары алаңдаушылық - орташа алаңдаушылық- төменгі алаңдаушылық-

Жағдайға байланысты және жеке алаңдаушылықтың орташа тобының көрсеткіштерін шығару және олардың салыстырмалы анализін жасау. Сауалнамаға қатысушылар 8-9-10-11 сынып білім алушылары. Жалпы бала саны- 122 оқушы қатысқаны: 98

**Ұсыныс:** жоғары алаңдаушылық сезімі бар балалардың мотивациясын көтеру. Мазасыздықты төмендететін түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Д. Холландтың тұлғаның типтерін анықтау тест қорытындысына анықтама**

**Сауалнама алынған сыныптар: 9-10 сыныптар**

**Жалпы білім алушылар саны: 66**

**Қатысқан білім алушылар саны: 58**

**Нәтижесінде**

| Типтері | 9 сынып | 10 сыныптар | Барлығы |
|---|---|---|---|
| Реалисттік тип | - | 6 | 6 |
| Зияткерлік тип | 3 | 5 | 8 |
| Әлеуметтік тип | 7 | 13 | 20 |
| Конвенциалды тип | 2 | - | 2 |
| Іскер тип | 5 | 10 | 15 |
| Әртістік тип | 2 | 5 | 7 |




## ҚОРЫТЫНДЫ

Тұлғаның 6 типі:

1. **Реалистік тип – «Ер-азамат типі».** Нақтылыққа бағытталған, жоғары эмоционалдық тұрақтылыққа ие. Нақты нысандармен және оны қолданумен айналысқанды жөн көреді. Буындық дағдыларды, ептілікті талап ететін (үнемі қозғалыста болатын) тапсырмаларды таңдайды. Көбінесе механик, жүргізуші, инженер, агроном және б.б. нақты тапсырмаларға бағытталған мамандықтарды қалайды. Вербальды емес қабілеттер, буындық дағдылардың дамуы, кеңістік ойға берілу (сызбаларды оқу) сынды сипаттар тән. Физика, экономика, кибернетика, химия, спорт сияқты салаларда жетістікке жету мүмкіндігі бар.

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің**
**9-10 сынып оқушылардың әр түрлі мамандықты таңдауын**
**анықтау үшін жүргізілген жұмыстың**

# А Н Ы Қ Т А М А С Ы

2023-2024 оқу жылының 24 қазан айында педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 9-10 сынып оқушылар арасында
**Тақырыбы: «Е.А.Климов «ДДС» (даралап диагностикалау сауалнамасы)**

**Мақсаты:** Оқушылардың әр түрлі мамандықты таңдауын анықтау

**Нұсқау:** «Сіз қандай да бір оқуды бітірген соң, кез келген жұмысты орындай аласыз деп есептейік.Бірақ егер сізге тек екі мүмкіндіктің біреуін ғана таңдау керек болса, сіз қайсысын таңдар едіңіз?»

**Оқушылардың назарына:** Нұскаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 9-10 сынып оқушыларының әр түрлі мамандықты таңдауын анықтау мақсатында Е.А.Климов «ДДС» (даралап диагностикалау сауалнамасы жүргізілді.

***Жалпы оқушы саны-66***
***Қатысқаны-62***
Тесттің қорытындысы бойынша

1-Адам + табиғат(Агроном,зоотехник,мал дәрігері,бағбан және орманшы)- 10 білім алушы
2-Адам+ техника(Радиомеханик,токарь,темір үста,жүргізуші,инженер)- 14 білім алушы
3-Адам+адам(Медецина ,педагогика,юриспруденция)- 21 білім алушы
4-Адам+белгілер жүйесі(Корректор,программист, статисст,экономист)- 5 білім алушы
5-Адам+көркем бейне (Зергер, фотограф, музыкант,өнертанушы,суретші,жазушы,әртіс)- 12 білім алушы

**Ұсыныс:** -тест қорытындысына байланысты оқушы мен педагогтың жағымсыз қарым-қатынасының анықталуына байланысты пән мұғалімдерге жеке консультация жүргізу;

**Педагог-психолог:** *[signature]* **Е. Курбанова**

**«Мотивацияны анықтау» (Е.Головахи әдістемесі бойынша)**

**анықтама**

**Сауалнама алынған сыныптар 8-9-10-11**

Жалпы білім алушылар саны-112, қатысқан білім алушылар саны 102

**Мақсаты:** Мотивацияны анықтау

| № | Сыныптар | Егер сіз таңдаған тұжырым кестенің сол жақ бағанасында орналасқан болса (кәсіби мотивация), онда дәл қазір сіз үшін кәсіби бағдарлану (мамандық таңдау,оны игеру жолдары,кәсіби өсу және мансап)маңызды. | Егер сіз таңдаған тұжырым кестенің оң жақ бағанасында (кәсіптен тыс мотивация) орналасқан болса, онда дәл қазір сізге кәсіппен байланысты емес мәселелер (отбасы, денсаулық, мамандықпен байланысты емес тұлғалық тұрғыдан өсу) маңызды. | Егер сіз таңдаған тұжырым кестенің екі жағында да орналасқан болса, онда сіздің мотивацияңыз қарама – қайшылық сипатында. Сізге дәл қазір ненің маңызды екенін кәсіби бағдарлану ма, әлде басқа мәселелер ме, осыны шешіңіз. |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 8 | 9 | | 20 |
| | 9 | 9 | 2 | 6 |
| | 10 | 12 | 5 | 26 |
| | 11 | 4 | 2 | 7 |

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп педагогтарының кәсіби мотивациясын және оның өзін-өзі бағалау деңгейін зерттеу әдістемесінің**

**АНЫҚТАМА**

***Күні***: 30.10.2023ж

**Қатысқаны**: 32

**Қатыспағаны:** 7

***Жұмыс түрі:*** Сауалнама

**Тақырыбы:** Педагогтың кәсіби мотивациясын және оның өзін-өзі бағалау деңгейін
зерттеу әдістемесі

**Мақсаты:** Педагогтың кәсіби мотивациясын және оның өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау.

Педагогтарға сауалнама таратылып берілді:

***Нәтижені өңдеу және талдау***

Сіздің ойыңызша «+» белгісі бойынша жағымды жауаптар болса, жағымсыз жауаптар «-» жазылады. Сіз таңдаған педагог кәсібінің «+» - идеал, «-» - антиидеал болып саналады. Содан кейін Сізге қатысты «+» белгісінде қанша сапа, ал «-» бөлшек арқылы жазасыз: алғашқыда сіздің сапаларыңызды, сосын бөлу арқылы сіз жазған сапалардың барлығын кірістіресіз.

Егер «+» белгісінде бөлшек 0,4 көп болса, бұл педагог өзінің сапаларына әділетсіз, ал егер де «-» белгісінің бөлшегінде 0,4 аз болса, бұл индивид өзінің қателіктерін әлсіз көреді, яғни өзінің жағымсыз сапаларын төмендетеді.

32 педагог- өз сапасына әділетсіз қарайды, жағымсыз эмоциялар жоқ.

Педагог-психолог Е. Курбанова

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп педагогтарын**
«Мен ... деп санаймын немесе ... міндеттімін» әдістеме нәтижесіне
*(И.П. Посашкова)*

**АНЫҚТАМА**

**Күні**: 31.10.2023ж
**Қатысқаны**: 32
**Қатыспағаны:** 7
**Жұмыс түрі:** Әдістеме
**Тақырыбы:** «Мен ... деп санаймын немесе ... міндеттімін» әдістемесі *(И.П. Посашкова)*

**Мақсаты:** педагогтердің күнделікте өмірде кәсіби іс-әрекеттерінің жүзеге асу сапасына және өзіндік даму деңгейін анықтау.

Педагогтарға әдістеме таратылып берілді:

***Нәтижесінде:***

Бақылау және эксперимент тобындағы педагогтар арнайы дайындалып берілген жауап парақтарына нұсқауларға сәйкес, өз ойларын жазды. Жауап парақтарын оқып отырып, педагогтердің күнделікте өмірде кәсіби іс-әрекеттерінің жүзеге асу сапасына және өзіндік даму деңгейлеріне көз жеткіздік.

Педагог-психолог *[подпись]* Е. Курбанова

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

## АНЫҚТАМА

**Күні:** 02.11.23

**Қатысқан ата-аналар:** 9-10-11 сынып ата-аналары-72

**Қатыспағаны:** 10

**Жұмыс түрі:** Сауалнама, жадынама, ұсыныи

**Мақсаты:** Оқушының мамандық таңдауында ата-анасының маңызды екенін түсіндіру.

Ата-аналарға «Оқушының мамандық таңдауында ата –ананың маңызы» тақырыбында тест алынды.

Мамандық таңдау-адам өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі. Себебі, адам тағдырының бір бөлігі таңдаған мамандығымен ұштасып жатады. Адам асқақ арманға, биік мақсатқа ұмтылады. Осы кез ұлы Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» деген сөзін қалайша естен шығарамыз? Әр мамандық өзінше тартымды, өзінше ерекше, қажетті болып саналады. Бірақ сол мамандықтардың ішінен жастардың өзіне сай мамандықты дұрыс таңдауына ықпал ететін отбасы мен мектеп мамандары да өздерінің ақыл-кеңесін ортаға салып, балаларды дұрыс бағыттап, тура жолға салып жіберсе, нұр үстіне нұр болар еді. Мамандық таңдау-белгілі бір даярлықты қажет ететін іс-әрекет түрі , тіршілік көзі, дағды жүйесі және жасөспірімдік кезенде қабылданатын жауапты шешімдердің біреуі.

Тест нәтижесінде ата-аналар бойынша балаларының мамандық таңдауларын қолдайтындарын көрсеткен

Мамандық туралы жетік білмеу-мамандық таңдауда кездейсоқтыққа әкеледі. Оның соңы таңдаған мамандығы өзіне ұнамай, жұмыс орнын жиі өзгертуге әкеліп соқтырады.осы жағдайға байланысты ата-аналарға төмендігі жадынама ұсынғым келеді.

**"Мамандық таңдау бойынша ата-аналарға арналған жадынама"**

**1.** Балаңыздың болашақ мамандығын өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз.

**2.** Оның таңдаған мамандығына деген қарсылық пен қолдауды бірге отырып талқылаңыз.

**3.** Мамандық таңдар кезінде тек материалдық пайданы ғана ойламай, балаңыздың рухани қанағаттануын да естен шығармаңыз.

**4.** Болашақ мамандық таңдар кезде балаңыздың сол кәсіпке деген жарамдылығын да байқаңыз.

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 5 сынып оқушыларына жүргізілген мектептегі мазасыздықтық деңгейін анықтау жұмысының**

**А Н Ы Қ Т А М А С Ы**

2023-2024 оқу жылының қараша айының 03күні педагог- психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 5 сынып оқушылары

**Тақырыбы: «Филипстің мектептегі мазасыздықты анықтауға арналған тесті»**

**Мақсаты:** Оқушыларда болатын мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу.

**Нұсқау:** Сіздерге мектепте өздеріңізді қалай сезінетініңізді анықтауға арналған бірнеше сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылады Сұраққа дұрыс немесе шынайы жауап беруге тырысыңыз.

**Оқушылардың назарына:** Нұсқаулық бойынша тестті орындау. еркін түрде жүргізілу қажет.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 5 сынып оқушыларының мектепте мазасыздықтың түрін және деңгейін зерттеу мақсатында тест алынды.

Жалпы оқушы саны- 43

Қатысқаны-27

Тесттің қорытындысы бойынша 14 оқушы орташа (жоғарыға бейім)деңгейде, 12 оқушы орташа (төменгі деңгейде)1 оқушы мазасызданудың төменгі деңгейін көрсетіп тұр.

Мазасыздық деңгейі жоғары болып тұр:

**Ұсыныс:** Жайсыз сезімі бар балалардың оқу мотивациясын көтеру. Мазасыздықты төмендететін түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу.

**Педагог-психолог:** **Е. Курбанова**

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебінің 7сынып оқушыларына қорқынышты жеңу үшін өткізілген ойын-жаттығулардың**

**АНЫҚТАМА**

**Күні**: 06.11.2023ж
**Қатысқаны:** 30
**Қатыспағаны:** 2
**Жұмыс түрі:** кеңес, ұсыным
**Сынып:** 7 «А», «Б»
**Мақсаты:** Оқушыларға корқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою; өзара қарым-қатынастарын нығайту. **Әдістер:** әңгіме

Кездесу барысында оқушыларға қорқыныш туралы ақпарат берілді. Қорқыныш – қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш – бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей.
«Сіздер неден қорқасыздар?»-деп сұрақ қойылды. Оқушылар: «ит, тышқан, жылан, қараңғыдан, қатты дауыстан»-деп жауап берді.

Қорқынышты жеңу үшін оқушыларға «Қорқынышынның суретін салда, оны жең» жаттығуы берілді. Оқушылар суреттерін салып, берілген сұрақтарға жауап берді. Өз қорқыныштарын жеңу үшін жыртып, қоқыш жәшігіне тастады.

«Бірақ» жаттығуы барысында оқушылар берілген сөздерді жалғастырды. Сынып оқушылары белсенді қатысты. Тапсырманы талдау барысында оқушыларға өз ойларын толық жеткізуде екі оқушы аздап қиналғаны байқалды.

«Бетперде» жаттығуы. Денені босансытуға арналған жаттығу. Қорыққан жағдайда дұрыс тыныс алу арқылы қалай дем алып, дем шығаруға болатыны түсіндірілді.

Кездесу соңында оқушылар бір-біріне «Жымию» жаттығуын орындады.

**Қорытынды:** Оқушылардың бойларында айтарлықтай қатты қорқыныш белгілері байқалмады. Жаттығуларды қызыға белсенді орындады. Барлық оқушылар көңілді, берілген тапсырмаларды бірден орындап кетті. Қатты ашылып өзің көрсете алмаған бір оқушы болды.

**Ұсыным:** сынып оқушылардың бойынан қорқыныш, агрессия, жағымсыз мінез-құлықты анықтау үшін «Кактус» әдістемесін алу.

**Педагог-психолог** **Е. Курбанова**

*Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1-4 сынып оқушыларына «Бөтелкедегі қой» әдістемесі отбасындағы эмоциялық мәселелердің*

## *Анықтамасы*

2023-2024 оқу жылының ақпан айында педагог-психологқа бағытталған отбасындағы эмоциялық мәселелерді анықтау үшін жұмыс жүргізілді.

***Сыныбы:*** 2,3,4 сынып оқушылары

***Тақырыбы:*** «Бөтелкедегі қой» әдістемесі

***Мақсаты:*** Бала өз отбасында қалай сезінетінін эмоционалды проблемаларын анықтау

***Нұсқау:*** Балаға бөтелке ішіндегі қойдың суретін салу ұсынылады. Шамамен 35-40 минут уақыт беріледі. Қарындаш, түрлі түсті карындаштар қолдануына болады.

***Оқушылардың назарына:*** Нұсқаулық бойынша сурет салынып болған соң төмендегі сұрақтар қойылады.

***Жұмыс барысы:*** Макаренко атындағы жалпы білім беретін 2,3,4 сынып оқушыларының «Бөтелкедегі қой» әдістемесі жүргізіледі.

2- сынып оқушыларының жалпы саны 33 оқушы. Қатысқаны -30

3-сынып оқушыларының жалпы саны 31 оқушы. Қатысқаны -30

4-сынып оқушыларының жалпы саны 28 оқушы. Қатысқаны -27

**Қорытынды:** Негізгі кейіпкер бөтелке мен қой. Қаншалықты анық, түсінікті, қызықты етіп салынса, бала соншалықты өзін отбасында көңілді, жеңіл, позитивті, жағымды сезінеді. Ал, керісінше әдемілеп мүйізі мен аяқтары салынса кикарлықпен қырсықтықтың белгісі. Сондай-ак агессия белгісі болуы мүмкін. Бөтелке отбасы символы. Жұмыс жүргізілу барысында баланың отбасында тұрақтылық пен сенімділік көрсетілді. Сызбаларының барысында ұқыптылығымен егжей-тегжейлілігі эмоционалды тұрақты балаларды көрсетті. Егер бөтелке сынған, шытынаған болса бала отбасында психологиялық трамва алатындығының көрінісі. Ондай сурет салған балалар кездескен жоқ.

**Ұсыныс:** сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз байланыста болып «Отбасы» туралы сынып сағаттарын өткізу.

***Бастауыш педагог- психологы:*** ***Р.Аққұлиева***

**Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектептің 1-4 оқушыларының ата-аналарынан алынған сауалнаманың**

**Анықтамасы**

2023-2024 оқу жылының қаңтар айында бастауыш педагог-психологқа бағытталған психодиагностикалық жұмыс жүргізілді.

**Сыныбы:** 1-4 сынып оқушыларының ата-аналары

**Тақырыбы:** Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.

**Мақсаты:** Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.

**Жұмыс барысы:** Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектепте 1-4 сынып оқушыларының ата-аналарына «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу» сауалнамасы жүргізілді.

1-сыныпта 28 ата-ана қатысты

2-сыныпта 32 ата-ана қатысты

3-сыныпта 30 ата-ана қатысты

4-сыныпта 27 ата-ана қатысты

**Жалпы:** 117 ата-ана қатысты

**Қорытынды:** Осы сауалнаманы қорытындылай келе бала мен ата-аналар қарым-қатынасынан қаталдық көріністерін зерттеу барысында Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы ешқандай қиындық көрсеткен отбасы кездескен жоқ.

**Ұсыныс:** Ата-аналарды мектепішілік, қоғамдық мәдени шараларға қатысуын нығайту (сынып  жетекшілерге).

**Бастауыш педагог-психолог:** **Р. Аққұлиева**

## АНЫҚТАМА

Педагогикалық кеңес 27 қазан 2023жыл.

**Мақсаты:**

1. **Мектептегі жасөспірімдердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және деструктивті мінез-құлықтың алдын алу бағдарламасы.**

1. Жасөспірімдер 11 – 16 жас аралығындағы балалар. «Жасөспірім» сөзінің мағынасы ішкі дүниенің негізгі тенденциясының дамуын көрсетеді. Жасөспірім шаққа аяқ басқан баланың қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгерісімен анықталады. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігімен денсаулықты нығайту бағдарламасы бекітілген.

Осы бағдарлама оның 3 түрлі құрамдас бөлігін жүзеге асыру арқылы жасөспірімдердің психикалық денсаулығын нығайтуға және өзін-өзі бүлдіру әрекеттерінің алдын алуға бағытталады.

1. Оқушылардың хабардарлығын арттыру бағдарламасы, ол оқушылардың психикалық денсаулық саласындағы хабардарлығын арттыруға, шешім қабылдау қабілеттерін дамытуға және психологиялық қолдау іздеуге итермелеуге бағытталған.
2. Мектеп қызметкерлерін оқыту – мектеп ұжымының қатысуымен стресс жағдайында жүрген
немесе өзін-өзі бүлдіру әрекеттері туу қатері жоғары топқа жатуы ықтимал оқушыларды анықтау әдістеріне үйретуге бағытталған дәріс.
3. Өзін-өзі бүлдіру әрекеті туу қатері жоғары топқа жатуы ықтимал оқушыларды анықтау – ерікті түрде және өз бетінше сауалнама толтыру арқылы психологиялық стресс жағдайында жүрген және өзін-өзі бүлдіру әрекеті туу қатері жоғары оқушыларды ерте анықтауға, сонымен бірге, нәтижесінде қажет болған жағдайда кәсіби көмек пен ем алу үшін ұсыныс-кеңестер беруге бағытталған бағдарлама.

Құпиялықты сақтау үшін әр оқушыға дербес код тағайындалады. Мектепке, сынып жетекшісіне және мұғалімдерге баланыздың психикалық денсаулығы туралы ақпарат берілмейді, мұндай ақпарат мектеп психологымен агымдағы тәжірибеге, мемлекеттік заңдарға және ережелерге сәйкес құпия сақталады.

Осы бағдарлама аясында **«Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектеп»** коммуналды мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылында мектептегі аутодеструктивті мінез-құлықтың және келеңсіздіктердің алдын –алу мақсатында «БЕС ТЕРЕК» жобасына сүйене отырып психологиялық зерттеулер, іс –шара жоспары жасалынып, сол жоспарға сай жұмыстар жүргізілуде. 2023 жылдың қыркүйек-қазан айларында оқушылардың көңіл- күйін анықтау мақсатында 5-6 сынып оқушылары «Менің отбасым» тақырыбында 7-8-9 сынып оқушылары «Менің ең жақын досым», 10-11 сынып оқушылары «Менің арманым» тақырыбында эсселер жазылды. Жүргізілген зерттеу жұмысы нәтижесінде барлық оқушылардың отбасылық жағдайы жақсы. Еш бір оқушыдан отбасылық мазасыздық анықталмады. 8-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Буллинг деген не?» сауалнама алынды. 5 сынып оқушылары арасында тұлғаның эмоциясын, кейбір аспектілері мен жасырынып жатқан дүниесін ашу мақсатында «Үй, адам, ағаш » әдістемесі жүргізілді.

Қорытындылай келе, оқушылардың оқу процесіне белсене қатысып, сабаққа деген қызығушылықтарының арта түскенін, өз-өзіне деген сенімділік қасиеттерін байқай аламыз. Яғни оқушылардың жасырынып жатқан жай күйлері жоқтығын байқатады. Мектептегі оқушыларға психологиялық кеңес беру мақсатында өз ойларын ашық айту үшін «Сенім жәшігі» орнатылған. Мектептегі жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түрлі тақырыпта тест тренинг сабақ және жаттығу сабақтары, ата-аналарға және мұғалімдерге кеңестер, жадмамалар жоспарға сай жыл бойы жүргізіледі.

**Педагог-психолог** **Е. Курбанова**